

"Ауыл, су, орман шаруашылықтары және жануарлар дүниесі саласында қызметін жүзеге асыратын азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізудің қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 18 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2023 жылғы 20 шілдедегі № 267 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 27 шілдеде № 33162 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ауыл, су, орман шаруашылықтары және жануарлар дүниесі саласында қызметін жүзеге асыратын азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізудің қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №18 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13155 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауыл шаруашылығы саласында қызметін жүзеге асыратын азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 139-бабының 7-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы саласында қызметін жүзеге асыратын азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ауыл, су, орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі саласында қызметін жүзеге асыратын азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізудің қағидалары мен шарттарында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауыл шаруашылығы саласында қызметін жүзеге асыратын азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ауыл шаруашылығы саласында қызметін жүзеге асыратын азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 139-бабының 7-тармағына сәйкес әзірленді және ауыл шаруашылығы саласында қызметін жүзеге асыратын азаматтық қызметшілерді (бұдан әрі – қызметшілер) аттестаттаудан өткізудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.";

1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауыл шаруашылығы
саласында қызметін жүзеге
асыратын азаматтық
қызметшілерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары
мен шарттарына
2-қосымша".

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Стратегиялық жоспарлау және талдау департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушы

Ә. Тамабек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Экология
және табиғи ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің міндетін атқарушы
2023 жылғы 20 шілдедегі
№ 267 бұйрығына
қосымша
Ауыл шаруашылығы саласында
қызметін жүзеге асыратын
азаматтық қызметшілерді
аттестаттаудан өткізу
қағидалары мен шарттарына
1-қосымша

Нысан

Аттестаттауға жататын азаматтық қызметшіні аттестаттау парағы

Аттестаттау түрі: кезекті – _____; қайталап – _____
(керектісін X белгісімен белгілеу)

1. Аты, әкесінің аты (бар болса), тегі:

2. Туған күні _____ жылғы " ____ " _____.

3. Білімі, біліктілігін арттыру, қайта даярлау туралы мәліметтер (қашан және қандай оқу орнын тәмамдаған, білімі бойынша мамандығы және біліктілігі, біліктілігін арттыру, қайта даярлау, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, берілген күні туралы құжаттар):

4. Атқаратын лауазымы және тағайындалған күні:

5. Жалпы еңбек өтілі: _____

6. Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің айтқан ескертулері мен ұсыныстары:

7. Аттестатталушының ой-пікірі:

8. Аттестатталушының қызметтік мінездемесіне сәйкес азаматтық қызметшінің қызметін тікелей басшысының бағалауы:

9. Отырысқа аттестаттау комиссиясының _____ мүшелері қатысты.

10. Аттестаттау комиссиясының әрбір мүшесі толтыратын қоса берілген бағалау парағына сәйкес дауыс беру нәтижелері бойынша ауыл шаруашылығы саласында қызметін жүзеге асыратын азаматтық қызметшінің қызметінің бағасы:

1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді (дауыс саны) _____;

2) қайтадан аттестатталуы тиіс (дауыс саны) _____;*

3) атқаратын лауазымына сәйкес келмейді (дауыс саны) _____.**

Қорытынды баға _____

11. Аттестаттау комиссиясының ұсыныстары (дәлелдемелерімен қоса):

12. Ескертпелер: _____

Аттестаттау комиссиясының төрағасы: _____

(қолы)

Аттестаттау комиссиясының хатшысы: _____

(қолы)

Аттестаттау комиссиясының мүшелері: _____

(қолы)

(қолы)

(қолы)

(қолы)

Аттестаттаудың өткізілген күні 20__ жылғы " __ " _____

Ұйым басшысының аттестаттау қорытындылары бойынша шешімі:

Аттестаттау парағымен таныстым: _____

(азаматтық қызметшінің қолы және күні)

Ұйым мөртаңбасының орны

Ескертпе:

* қайтадан аттестаттаудан өткен кезде бағасы қойылмайды;

** бағасы қайтадан аттестаттаудан өткен кезде ғана қойылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК